



№ 12 (9001),
жұма, 5 сәуір
2024 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

ТӘУЛІК БОЙЫ БАҚЫЛАУ ТЖМ-ДЕ ӨТКЕН КЕҢЕСТЕ СУ ТАСҚЫНЫНА ҚАРСЫ ШАРАЛАР БАРЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



ТЖМ дағдарыс орталығында вице-премьер – Су тасқынына қарсы шараларды үйлестіру және қарғын су жүру кезеңінің салдарын жою жөніндегі республикалық штаб басшысының орынбасары Қанат Бозымбаев пен төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әріновтің қатысуымен кеңес өтті.

3 сәуірдегі жағдай бойынша елдегі су тасқынына қатысты ахуал әлі де күрделі. 6 өңірде 1 364 жеке меншік тұрғын үйді су басқан. Автожолдардың 105 учаскесінде су жайылған. 78 жол учаскесінде бүлінген жерлерді және 4 көпірді қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. 64 елді мекенге көлік қатынасы жоқ, оларға азық-түлік пен дәрі-дәрмек жеткізілуде.

Су басқан аймақтардан тұрғындарды эвакуациялау тәулік бойы жүргізіліп жатыр. Соңғы тәулікте құтқарушылар 1 524 адамды, оның ішінде 496

баланы эвакуациялады. Облыстағы су айдындарында мұз кептелісін болдырмау үшін мұз жару жұмыстары жүргізілуде.

Су тасқынына қатысты ахуалды бағалау үшін 1-3 сәуір аралығында вице-премьер мен төтенше жағдайлар министрі Қарағанды, Қостанай және Ақмола облыстарының аумағын әуеден барлады.

Бүгін Аршалы, Целиноград аудандары мен Қосшы қаласының аумағы зерттеді, сондай-ақ Преображенский су торабына барды.

Қазіргі уақытта облыста қар жамылғысы шамамен 76% құрайды. ТЖМ күштері мен құралдарын Целиноград, Аршалы, Атбасар, Сандықтау аудандарының, Көкшетау және Қосшы қалаларының 17 елді мекеніне бөлу ұйымдастырылды.

Қарағанды облысының аумағында қар жамылғысы ша-

мамен 34% құрайды. Облыста алдын алу іс-шаралары, оның ішінде жағалауды нығайту жұмыстары және қапшықтарды төсеу жұмыстары жүргізілуде. Барлығы 700-ге жуық адам және 118 бірлік техника жұмылдырылды. Қазір жағдай тұрақты.

Қостанай облысы бойынша қар жамылғысы шамамен 71%. 75 тұрғын үй мен 38 аула аумағын су басқан. Аталған елді мекендерге ТЖМ-нің Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Қызылорда облыстарынан барған қосымша күштері мен құралдары тартылды, жағалауды нығайту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Қазір Арқалық қаласы мен Амангелді ауданында жағдай тұрақталды. Жангелді ауданында жағдай әлі күрделі. Әкімдік барлық қажетті шараларды қабылдауда.

Өңірлерде шығынды бағалау бойынша жұмыстар басталды. Тәулік бойы мониторинг жүргізілуде. Алдағы күндері еліміз бойынша жауын-шашын және температуралық фонның күрт көтерілуі күтілуде, бұл қардың қатқылды өріне әкеледі.

Кеңес қорытындысы бойынша Республикалық штаб басшысының орынбасары өңірлердің әкімдіктеріне қауіпсіздікті қамтамасыз ету, су басқан аймақтардан адамдарды алдын ала эвакуациялау және құтқару жөнінде қажетті шаралар қабылдау туралы тиісті тапсырмалар берді.

primeminister.kz

ҚАЙТАРЫЛҒАН ЖЕРЛЕРДІ БӨЛУГЕ АРНАЛҒАН КОНКУРСТАРДЫҢ ШАРТТАРЫ ҚАЙТА ҚАРАЛАДЫ



Әлеуметті меншік иелеріне қойылатын топырақ сапасын, өсімдік жамылғысын сақтау, жайылымдардың тозуын болдырмау, ауыспалы егістерді сақтау және жерді ұтымды пайдалану тиімділігін арттыру бойынша басқа да қызығарлық талаптарда күшейтілетін болады.

Мұндай тапсырманы 2024 жылғы 3 сәуірде өткен пайдаланылмай жатқан және заңнаманы бұза отырып берілген жерлерді алып қою мәселелері жөніндегі комиссияның кезекті отырысының қорытындысында Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғарин берді.

Жер ресурстарын басқару комитетінің төрағасы Мұрат Теміржановтың айтуынша, 2024 жылдың басынан бері ауыл шаруашылығы мақсатындағы 391,2 мың гектар, ал 2022-2024 жылдары барлығы 10,4 млн гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылған. Оның 3,7 млн га жері жергілікті халыққа қайта бөлінді (жалпы мақсаттағы мал жаюға – 1,72 млн га, конкурстық негізде бөліп пайдалануға – 1,69 млн га).

«Айта кету керек, ауыл шаруашылығы жерлерінің 4,4 млн га немесе 2022 жылдан бастап ел бойынша қайтарылған барлық жердің 44%-ы бұрын 204 ірі кәсіпкерлік субъектілерінің қолында

болған», — деп хабарлады Мұрат Теміржанов.

Жайылым тапшылығын азайту үшін өнімдіктерге, жалпы пайдалануға, мал жаю үшін 562,1 мың га жайылымдық жер бекітіліп берілген, 65,1 мың га жайылым жер пайдалануға конкурстық негізде берілген, 746,6 мың га резервке қойылған. Елді мекендер шегіне 97,3 мың га жайылымдық жер енгізілді.

«Бүгінде біздің негізгі міндетіміз – жерді қайтару ғана емес, тиімді пайдалану және жер пайдаланушыларды бақылау. Алынған жерлерді пайдалану мен жақсарту үшін жауапкершілікті күшейту қажет. Байқау шарттарын бизнес-қоғамдастықпен, өкімдіктермен және басқа да мүдделі қатысушылармен талқылаған жөн. Топырақты, өсімдік құрамын сақтау, заманауи технологияларды пайдалану бойынша қарсы міндеттемелер қою керек. Ол үшін жерді бөлудің жаңа ережелері мен принциптерін әзірлеу қажет», — деді Серік Жұманғарин.

Пилоттық режимде Мемлекеттік жер кадастрының және техникалық зерттеудің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі 2.0 жер пайдаланушының есептік жазбасы құрылды. Онда топырақтың (қарашірік, жылжымалы минералдар) және өсімдік жамылғысының жай-күйінің жоғары сапалы агрохимиялық сипаттамасы бар жер учаскесі туралы ақпарат болады. Оны ұтымды пайдалану критерийлеріне сәйкестігін қамтамасыз ету үшін бес жыл сайын учаскені зерттеу жұмыстары жүргізілетін болады. Егер өнімділіктің нашарлауы анықталса, тиісті шаралар қабылданады.

primeminister.kz

ТАМАРА ДҮЙСЕНОВА: БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУДА БОЛУЫ КЕРЕК

Үкіметте ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Дүйсенованың төрағалығымен өткен кеңесте балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мәселелері қарастырылды.

Жиынға мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты. Аталған бағытта атқарылып жатқан шаралар туралы оқу-ағарту министрінің орынбасары Еділ Оспан баяндады.

Биылғы маусымда мектеп жасындағы балалардың 85%-ын жазғы белсенді демалыс шараларымен қамту көзделіп отыр. Айта кетейік, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар үшін лагерьлерге тегін жолдамалар қарастырылады.

Дайындық шараларын үйлестіру үшін республикалық және өңірлік деңгейде штабтар құрылған. Оның құрамына мемлекеттік органдардан бөлек, салалық бірлестіктер те енген.

Министрлік лагерь түрлеріне (жыл бойы қызмет көрсететін, елді мекен сыртындағы, мектеп жанындағы, т.б.) байланысты бірыңғай талаптар бекітті.

«Алдын ала мәлімет бойынша елімізде оқушылар үшін 10,5 мыңнан аса лагерь жұмысы ұйымдастырылмақ. Ол жерде демалыстан бөлек, танымдық бағдарламалар да қарастырылады. Қазір біз ла-



герьлер жұмысына жауапты органдар үшін ұйымдастыру тетіктері қарастырылған жадынамаларды әзірледік. Одан бөлек демалыс орнындағы қауіпсіздік шаралары туралы семинарлар өткізіп, науқанның барлық түрін қамтитын әдістемелік құралдарды әзірлеуді қолға алдық», — деді Еділ Оспан.

Тамара Дүйсенова демалыс орындарында санитарлық талаптардың қатаң сақталуы қажеттігіне мән берді. Бұл ретте Денсаулық сақтау министрлігіне лагерьлердің сәйкестігін жіті тексеруді тапсырды.


«Балалардың қауіпсіздігі басты назарда болуы тиіс. Бұл ретте Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет, Төтенше жағдайлар, Ішкі

істер министрліктері бірлесе жұмыс атқарғаны жөн. Балалармен жұмыс істейтіндер арнайы дайындықтан өтуі тиіс. Құқық қорғау органдары лагерьде қызмет көрсететін тұлғаларды алдын ала тексеруі керек. Бір сөзбен айтқанда, балаларды демалысқа жіберген ата-аналар олардың қауіпсіз жерде жүргеніне сенімді болуы қажет. Бұған салғырт қарауға болмайды», — деп ескертті вице-премьер.

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру шаралары бірнеше кезеңге бөлініп, тиісті мерзімдер бекітілді. Тамара Дүйсенова мүдделі мемлекеттік органдарға дайындық жұмыстарының уақытылы әрі сапалы өткізілуін қатаң бақылауды жүктеді.

primeminister.kz

«АУЫЛ АМАНАТЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАТИВТЕРІНЕ ЛИЗИНГКЕ ТЕХНИКА АЛУЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ НОРМАТИВТЕРІ ҰЛҒАЙТЫЛАДЫ



Ауыл шаруашылығы министрі Агроөнеркәсіп кешеніндегі жобаларды қолданыстағы ережелеріне қажетті түзетулер пакетін әзірлеуде. Бұл туралы Үкіметте Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен кеңесте мәлім болды.

Бұл шешім «Ауыл аманаты» бағдарламасының 2023 жылғы жұмыс қорытындысын талдау және өңірлерден келіп түскен өтініштер нәтижесі бойынша қабылданды. Былтыр ауыл тұрғындарына бағдарлама бойынша бөлінген жалпы сомасы 100 млрд теңге қолжетімді шағын несиенің 82,4 млрд теңгесі игерілген. Оның 80%-ы мал шаруашылығына, 5,2%-ы техника мен жабдыққа, 4%-ы өсімдік шаруашылығына бағытталды.

Кеңеске қатысушылар «Ауыл аманаты» бағдарламасы ауыл шаруашылығы кооперативтерінің дамуына серпін бергенін атап өтті. Былтыр бағдарлама аясында 407 ауыл шаруашылығы кооперативі құрылды. Олардың басым бөлігі Түркістан (75), Ақтөбе (71), Қарағанды (53), Қызылорда (51)

облыстарына тиесілі. Өңірлердегі шаруалар лизингке техника сатып алу үшін жұмыс істеп тұрған кооперативтерге осы бағдарлама негізінде қолжетімді қарыз қаражатын алу мүмкіндігін көтерді.

«Субсидиялау ережесіне түзетулер жобасы ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін 5 жылға дейінгі мерзімге жылдық 2,5%-бен ауыл шаруашылығы техникасын лизингтеу мүмкіндігін қарастырады. Қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады. Бағдарлама бойынша ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу үшін қаржыландыру нормативін арттырудамыз», — деді ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов.

Өз тарапынан Серік Жұманғарин өңірлерге жыл сайын облыстың әр ауданында 1-2 ауыл шаруашылығы кооперативін құруға жағдай жасау міндетін қойды.

primeminister.kz

ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУ – МІНЕЗДЕН

Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейханұлы «Ұлтқа қызмет ету – мінезден» деп текке айтпаған. Ұлт мәртебесін үнемі биік көтеріп, ел абыройын үнемі асқақтатып, биліктің биік бейнесін, іскерлік қабілетін қалың елге жария көрсетіп, халық үніне тікелей құлақ асатын мемлекеттік қызметшілер – қоғамның айнасы. Сондықтан да еліміздегі әрбір тұрғынның өтініш-тілегін орындауда мемлекеттік қызметшілердің алар орны мен ролі зор.

Қазіргі заманның мемлекеттік қызметшілері қоғам тарапынан қойылатын талаптарға сай болуы тиіс, себебі олардың басты міндеті – азаматтардың қоғамдық мүдделерін ұсыну қызмет ету болып табылады. Мемлекеттік аппарат ішіндегі және мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен, қоғаммен өзара әрекеттесуіндегі қарым-қатынас мәдениеті тұрғысынан мемлекеттік қызметтің негіз қалаушы принциптерін анықтау барысында көбінесе адами қасиеттерге, яғни мемлекеттік қызметшінің моральдық ұстанымдары мен құндылықтарына жоғары мән беріледі. Өйткені мемлекеттік қызметшілердің бойында дәл осы моральдық ұстанымдардың болмауы түбінде жағымсыз құбылыстарға, құқық бұзушылықтарға, жемқорлыққа алып келеді. Бұл өз кезегінде халықтың мемлекеттік билік институттарына деген сенімін азайтып, мемлекеттік қызметшінің беделіне нұқсан келтіреді.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің мемлекет тұрақтылығының көпшілігі екені сөзсіз. Олар ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін, халықтың барлық топтарына ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің сапасы мен жылдамдығын қамтамасыз етеді, адалдықтың, әділдіктің және көсіпқойлықтың үлгісі болып табылады.

Әрбір қазақстандық мемлекеттік қызметші өз қызметінде мемлекеттік қызметтегі мінез-құлық қағидаларын реттейтін Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің басшылыққа алуға міндетті. Кодекске сәйкес, олар жоғары кәсіби,

адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтауға тиіс. Әдептілік – өркениетті қоғамның адамгершілік қағидалары екенін есте ұстаған жөн.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы қаңтарда Парламент Мәжілісінің отырысында және кейіннен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңесте сөйлеген сөзінде мемлекеттік аппараттың жұмысы сервистік және одан әрі клиентке бағдарланған болуы үшін «жаңа тәсілдерді» енгізуді және мемлекеттік қызмет жүйесін жаңғыртуды талап ететінін атап өтті.

Қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенім деңгейін арттыру және халықпен кері байланысты жақсарту үшін жұмыс істеуі қажет. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа Әдеп кодексінің қызметтік әдеп нормаларын дұрыс түсіну мен қолдануда маңызы зор.

Егер бұрынғы редакциядағы Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілерге қойылатын моральдық-адамгершілік талаптарды да, олардың мінез-құлқының негізгі қағидаларын да біріктірсе, жаңа редакцияда этикалық талаптар мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этикасына жатпайтын өзге де ережелерден бөлек қарастырылады.

Кодекстің құрылымына да қатысты болғанын айта кету керек, «Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидалары» атты жаңа тарау пайда болды, соған сәйкес мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі алты қағидаға негізделген. Олар – адал ниеттілік, адалдық, әділдік, ашықтық, сыйлайылық, клиентке бағдарлану. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретіндегі халықтың сұранысына бағдарлана отырып, жұртшылықпен жұмыс істеуге әзірлік танытуы және өз іс-әрекеттерінің ашықтығын қамтамасыз етуі тиіс.

Будан бөлек, Қазақстан Республикасының Президентінің кейбір жарлықтарына толтырулар енгізу туралы 2023 жылғы 2 қарашадағы №396 жарлығымен, Әдеп кодексінің мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптарға толықтырулар енгізілген

болатын. Ол жерде мемлекеттік қызметшілер қызметтік міндеттерді орындауға байланысты жағдайларды қоспағанда, ойын мекемесіне барудан тартыну қажет делінген.

Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілерге адамгершілік бағытбағдар беруге арналған. Оның мақсаты мемлекеттік қызметшінің өз жұмысының маңыздылығына сенімділігін арттыру және кодексте көрсетілген барлық қағидаларды сақтай отырып, мемлекеттік қызметтің жарқын үлгісі болғанына мақтанш сезімін қалыптастыру болып табылады. Бұл, басқа сөзбен айтқанда, мемлекеттік аппараттағы кәсіби қызметпен айналысуға құқық беретін арттық бір түрі. Осылай ант беру арқылы мемлекеттік қызметшілер кодексті талаптарын бұзу қоғам мен мемлекет тарапынан сын тудыратынын түсінеді. Сөйкесінінше, Әдеп кодексі талаптарын қатаң сақтау мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың азаюына ықпал етеді.

Мемлекеттік қызметтегі жағымсыз құбылыстармен тек жазалау шараларын қолдана отырып жүресудің тиімділігі шамалы, өйткені ең алдымен бұл құбылыстардың түпкі себептерін жою қажет. Бұл жағдай да Әдеп кодексінің маңыздылығын көрсетіп отыр. Басқа сөзбен айтқанда, егер белгілі бір уәкілеттілікті теріс пайдаланудың, тәртіптік теріс қылықтардың, сыбайлас жемқорлықтың белгілі бір алғышарттары сақталатын болса, онда жағымсыз құбылыс жойылмайды. Сондықтан уақтылы алдын алу шаралары, оның ішінде Әдеп кодексінің нормаларын түсіндіру мемлекеттік қызметшілердің кәсіби дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, кәсіби әдеп пен іскерлік әдеп саласында қажетті білім деңгейін, оларды кәсіби қызметте пайдалану дағдыларын қамтамасыз етеді.

А. МЕЙРХАНОВА,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департамент басшысының орынбасары

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ҚОҒАМ ТАЛАБЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Өкінішке қарай, сыбайлас жемқорлық әлі де біздің қоғамның ауыр дерті болып отыр. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттердің көпшілігінде бар. Қазақстан да одан сырт қалған жоқ. Онымен қалай күресіп жатыр немесе қалай өшкерелеп отыр – ол басқа мәселе», деп атап өтті.

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық ауқымдылығына ғана байланысты ерекшеленеді.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – қоғам талабы. Мінсіз қоғам – жемқорлықсыз қоғам, салауатты өмір – паракорларсыз өмір, мықты мемлекет – жемқорларсыз мемлекет. Еліміз елу елдің қатарына ену үшін аяқ басқанда айналмамызды ашкөз алаяқтардан аластап, қоғамды тазарту – азаматтық міндетіміз.

Қазақстан Президенті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес еліміздің стратегиялық дамуының негізгі басымдықтарының бірі екенін айтты. Бұл бағытта бірқатар маңызды міндет атқарылған, атап айтқанда, Қазақстан халықаралық ГРЕКО ұйымына мүше болды, қарамағындағы қызметкердің сыбайлас жемқорлыққа қатысы анықталған жағдайда оның басшысының қызметінен босатылуы заңмен бекітілді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін заңнамамен сараптау жұмыстары күшейтілді.

«Сыбайлас жемқорлықтың себебі мен шарттарын жоймай онымен күресу, бұл – жел діірменмен алысу. Халық әлдебір шенеуніктің немесе басшының жай жауапкершілікке тартылғанын көріп қана қоймай, ол жұмыс істеген мемлекеттік мекемеде енді мұндай жағдайдың қайталанбайтынын дәлелдейтін түбегейлі өзгерістердің орын алғанына куә болуы керек. Өзірге мен мұндай кешенді және түбегейлі жұмысты көріп отырған жоқпын. Шенеуніктер шеңбер жасап, бірінен кейін бірі ауысып жатыр. Ал жүйелі

проблемалар шешілмеген күйі тұр», деді Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөнінде кеңесте сөйлеген сөзінде.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен перменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоюын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өз құқығын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігін нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып отыр.

Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін ретінде «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген. Бұл Жарлық еліміздегі құқық қорғау органдары қызметтерін жетілдіруге бағыттала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын-алуға жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді. Сыбайлас жемқорлық тек құқық бұзушылық емес. Бұл мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді төмендетеді және ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатер төндіреді. Сондықтан мемлекет пен қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірігіп, әрекет етуі керек.

«Қарабұлақ ауылды округі әкімінің аппараты» ММ

Наша сила в единстве

Посмотрев интервью «Егемен Qazakstan» Главы государства Касым Жомарт Кемелевича Токаева на III заседании Национального курултая, где он остановился на основных ключевых моментах, которая проходит с первыми днями священного месяца Рамазан. Курултай содействуют развитию и укреплению прогрессивных общественных ценностей. Потому что обновление и модернизация всегда открывают путь к лучшему. Где Президент отдельно остановился на следующих актуальных вопросах: это укрепление единства нашего народа. Ключевым приоритетом государственной политики останутся расширенные сферы применения казахского языка. С каждым годом растет потребность казахского языка, который становится языком бизнеса, техники и науки. Самый лучший путь дальнейшего поступательного развития языка лежит через просвещение. Суть государственной политики заключается в том, чтобы, никого не принуждая, последовательно укреплять роль казахского языка в повседневной жизни. Они лишь разговоры вокруг государственного языка бесполезны, важные конкретные дела. Также было сказано вопросы о национальной одежде, по которой нас должны узнавать в мире. Некоторые крупные компании и учебные заведения уже вводят практику ношения одежды в национальном стиле, можно такую одежду внедрить и в медицину. То что говорил Президент, что Казахстан всегда будет толерантен ко всем вероисповеданиям, воззрениям и учениям, которые не подрывают нашей государственности и общественной морали. Я поддерживаю Зримым воплощением нашей национальной идентичности являются

государственные символы. Они должны отражать не только региональную специфику, но и органично сочетать в себе ключевые элементы образа страны.

Считаю, что мы как нация должны поставить надежный заслон распространению следующих пяти социальных зол: таких как ответственность за производство наркотических веществ, приравняя его к самым тяжким преступлениям. Необходимо принять системные меры для борьбы с распространением ем вейпов. Еще одна проблема нашего общества – лудомания. Другая тревожная тенденция – рост семейно-бытового насилия, буллинга и агрессии. Еще одно крайне негативное явление – вандализм. Каждый гражданин цивилизованной страны должен защищать общественное имущество как свое собственное. Следующий порок – расточительство. Бессорно, началом достатка является бережливость. Я думаю у нас должна быть своя культура, поэтому вопросу со своей стороны я считаю очевидным, что новые инициативы, выдвинутые в согласовании с интеллектуальными умами страны, являются незаменимым кирпичом прочного фундамента конкурентоспособного, модернизированного и обновленного, справедливого Казахстана. Будущее Казахстана – в наших руках. Мы должны уже сейчас осознавать эту ответственность и всегда быть готовыми исполнить свою историческую миссию. Пусть пост Ораза принесет верующим благословение!

Желаю всем крепкого здоровья, счастья и благополучия!

Сауле РыСПЕКОВНА,
Директор ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ, депутат районного маслихата Ескельдинского района

ФИТОМАНИТАРИЯЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ



нысандар бойынша тиісті уақытта фитосанитариялық есептерді өз аудандық аумақтық қалалық инспекцияларына тапсыру міндетті. Фитосанитариялық есепке алу нысандарын атай кетелік:

- 1) ФУ Пестицидтерді, биопрепараттарды және энтомофагтарды туралы есеп, бар-жоғы туралы есеп яғни жылдық ұсыну мерзімі жыл сайын қаңтардың 10-да беріледі. Химиялық өңдеу жүргізілген жұмыстары туралы есеп; химиялық өңдеу бойынша қызмет керсету туралы есептілік әр айдың 10-да.
- Осы көрсетілген нысандар бойынша, көрсетілген мерзімде бекітілген нысанды түрде қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілеріне байланысты жеке және заңды тұлғалардың барлығы есеп тапсырып тұруға міндетті. Олай болмаған жағдайда есеп бермеушілер: ҚР 2002 жылғы 3-шілдедегі «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңының (13-және 14-5 баптардың) талаптарын ордамаған болып табылады. Айыпұл салынатынын ескертеміз. Жоғарыда жазылған мәселелер бойынша және де басқада сұрақтар болса Ескелді аумақтық аудандық инспекциясына хабарласып кеңес алуға болады. Біздің мекен жайымыз: Қарабұлақ ауылы, Оразбекова 52 3-ші қабат.
- 3) ФУ Пестицидтерді (улы химикаттарды), биопрепараттарды және энтомофагтарды сақтау туралы есеп (жылдық);
- 4) ФУ Химиялық өңдеулер жүргізу туралы есеп, (айлық) (сәуір-қыркүйек);
- 5) ФУ Тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардан босаған ыдыстарды залалсыздандыру жөніндегі есеп (жылдық)

Шаруақожалықтар мен заңды тұлғалар фитосанитариялық есептілікті Ескелді аудандық аумақтық инспекциясына 1 (әр айдың 10-да, 1-жартыжылдық 10 шілдеде, 2-жартыжылдық жылдық 10 қаңтарда беруі керектігін ескертеміз. Пестицидтерді (улы химикат-

тар), биопрепараттарды және энтомофагтарды сақтау туралы есеп, тиім салынған және жарамсыз пестицидтер мен олардан босаған ыдыстарды залалсыздандыру жөніндегі есеп, қоймалық үй-жайлардың бар-жоғы туралы есеп, бар-жоғы туралы есеп яғни жылдық ұсыну мерзімі жыл сайын қаңтардың 10-да беріледі. Химиялық өңдеу жүргізілген жұмыстары туралы есеп; химиялық өңдеу бойынша қызмет керсету туралы есептілік әр айдың 10-да.

Ғ.КЕРИМБАЕВ,
Өсімдіктерді қорғау және карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы

ҚР «Өсімдіктерді қорғау туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі Заңының 6-бап, 1-тармағына сәйкес осы есептіліктер жөнінде 29.06.2015 жылғы №15-02/584 ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің « Ф и т о с а н и т а р и я л ы қ н о р м а т и в т е р і », фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы шықты.

Осы бұйрыққа сәйкес фитосанитариялық есепке алу нысандары және есептердің нысандарын ұсыну қағидалары бекінді. Яғни барлық пестицидтерді (улы химикаттарды) қолданушы шаруашылықтар (қызметі) мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілеріне байланысты жеке және заңды тұлғалар) бекітілген

АУДАНЫҢ ФУТБОЛ, БАСКЕТБОЛ ЖӘНЕ ВОЛЕЙБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫ ПРЕЗИДЕНТТЕРІ САЙЛАНДЫ



2024 жылы 29 наурыз күні сағат 15:00-де, Ескелді ауданының «Атамекен» кәсіпкерлер палатасында Ескелді ауданының жеке кәсіпкерлері мен шаруа қожалығының басшылары, спорт өкілдері, футбол бапкерлері және спорт ардагерлері қатысуымен футбол, баскетбол, волейбол, федерациясы президенттерін сайлауы бойынша жиналыс өткізілді.
Жүйен қорытындысы бойынша Ескелді ауданының футбол федерациясының президенті Д.Имандосов, баскетбол федерациясының президенті Т.Бормотов, волейбол федерациясының президенті С.Жолдыбаев сайланды.
Сонымен қатар, наурыз айының 1 мен 7-сі аралығында ауылдық округтерде футбол, баскетбол, волейбол, федерациясы президенттерін сайланды.

СПОРТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ФЕДЕРАЦИЯ ПРЕЗИДЕНТТЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

ФУТБОЛ

- 1. Алдабергенов а/о-Қайратов Жанат Қайратұлы
- 2. Акын Сара а/о-Бекқожанов Ерлан Оразбайұлы
- 3. Бақтыбай а/о -Сарыев Рауан Ерланұлы




ФУТБОЛ

- 4. Жалғызғаш а/о -Ақберлинов Марат
- 5. Қарабұлақ а/о-Мухсатов Ерлан Серикович
- 6. Қаратал а/о-Чинарбеков Асет Ақтілесұлы



ФУТБОЛ

- 7. Қайнарлы а/о-Тохан Алшынбай
- 8. Қоңыр а/о-Сейсенбаев Шалқар Білісбекұлы
- 9. Көкжазық а/о-Махетұлы Жасұлан




ФУТБОЛ

- 10. Сырымбет а/о-Мәмеш Тұрсынжан
- 11. Төлеңгіт а/о-Жұмабаев Ерлан Советұлы



ВОЛЕЙБОЛ

- 2. Акын Сара а/о-Усинбаев Мираc Мақсабайұлы
- 3. Бақтыбай а/о-Жансерік Жайықұлы
- 4. Жалғызғаш а/о-Бимұратов Айхан Ертілеуұлы



ВОЛЕЙБОЛ

- 5. Қаратал а/о -Балтабаев Болат Маулетбекұлы



ВОЛЕЙБОЛ

- 6. Қоңыр а/о -Тарпанбаев Алмас Қапанұлы
- 7. Қарабұлақ а/о-Королёв Дмитрий Алексеевич
- 8. Қайнарлы а/о-Черкашин Иван



ВОЛЕЙБОЛ

- 9. Көкжазық а/о-Хуаныш Хайрат
- 10. Сырымбет а/о-Наубаев Әділет Ермеқұлы
- 11. Төлеңгіт а/о-Қарабеков Жанат

БАСКЕТБОЛ

- 1. Алдабергенов а/о-Нұрманбетов Ержан Құмарбайұлы
- 2. Акын Сара а/о-Бодаубаев Азамат Мырзағалиұлы
- 3. Бақтыбай а/о-Қасым Айдос Айдынұлы



БАСКЕТБОЛ

- 4. Қаратал а/о -Чуменов Серик Булатбекұлы
- 5. Жалғызғаш а/о -Қостаев Ерлан Мырзахметұлы
- 6. Қарабұлақ а/о-Волчков Алексей Васильевич



БАСКЕТБОЛ

- 7. Қайнарлы а/о-Черкашин Иван
- 8. Қоңыр а/о-Ибраһимов Дидар Байжанұлы
- 9. Көкжазық а/о-Нұрғали Еркін



БАСКЕТБОЛ

- 10. Сырымбет а/о-Жұмабек Ерлан
- 11. Төлеңгіт а/о-Ашиқбаев Баурыжан Сакипбекұлы



Дене тәрбиесі мен спорт – адам өмірінің ажырамас бөлігі. Бірақ уақыт көрсетіп отырғандай, ғылыми-техникалық прогрестің дамуымен адамзаттың физикалық белсенділігі төмендейді. Адамның негізгі жұмысын «машина» жасайды. Қазіргі уақытта қарт адамдарда да, жастарда да қозғалыс және физикалық белсенділіктің жетіспеушілігі байқалады, бұл зат алмасудың баяулауына және адам ағзасындағы жасушалардың белсенділігінің төмендеуіне әкеледі. Нәтижесінде адамдардың физикалық төзімділігі әлсіз болып, артық салмақ жинайды. Бұл мәселелерді дене тәрбиесінің көмегімен шешуге болады.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Жүйелі дене тәрбиесі біздің ағзамыздағы барлық физикалық және психикалық процестердің негізгі реттеушісі болып табылатын орталық жүйке жүйесіне оң әсер етеді. Дене мәдениетінің жүйке процестеріне оң әсері әрбір адамның қабілеттерін толық ашуға, оның психикалық және физикалық мүмкіндіктерін арттыруға ықпал етеді. Жүйелі жаттығулар жүректің, өкпенің жұмысын жақсартады, зат алмасуды арттырады, тірек-қимыл аппаратын нығайтады. Ауыр жүктемелер кезінде жаттыққан адамның жүрегі жиі жиырылып, бір жиырылған сайын көбірек қан шығара алады. Бір жұмыс уақытында жаттыққан дене тереңірек тыныс алу және бұлшықеттерге қоректік заттардың жақсы жеткізілуіне байланысты көбірек оттегін алады және асимметриялайды.



Дене шынықтырумен және спортпен айналысатындар өзіне деген сенімділікті арттырады, ерік-жігерін шындайды, бұл олардың өмірлік мақсаттарына жетуге көмектеседі. Дене шынықтыру жүйке-эмоционалдық жүйеге жақсы әсер етеді, өмірді ұзартады, денені жасартады, адамды әдемі етеді. Дене тәрбиесіне немқұрайлы қарау семіздікке, төзімділікті, ептілікті, икемділікті жоғалтады. Таңертеңгілік жаттығу дене шынықтырудың маңызды элементі болып табылады. Дегенмен, ол ұйқыдан кейін дененің жұмыс істеу ерекшеліктерін, сондай-ақ белгілі бір адамның жеке ерекшеліктерін ескеретін дұрыс пайдаланылған жағдайда ғана пайдалы. Ұйқыдан кейін дене белсенді ояту күйіне өлі толық ауыспағандықтан, таңертеңгі жаттығуларда қарқынды жүктемелерді пайдалану ұсынылмайды. Таңертеңгілік жаттығулар ұйқының ісіну, летаргия, ұйқышылдық және басқалар сияқты әсерін тиімді түрде жояды. Ол жүйке жүйесінің тонусын арттырады, жүрек-тамыр және тыныс алу жүйелерінің, эндокриндік бездердің жұмысын күшейтеді. Бұл мәселелерді шешу дененің психикалық және физикалық өнімділігін біркелкі және бір уақытта жылдам арттыруға және оны қазіргі өмірде жиі кездесетін маңызды физикалық және психикалық стрессті қабылдауға дайындауға мүмкіндік береді.

Ақыл-ойдың дамуы, рухани күштер мен қабілеттердің даму көп жағдайда адамның денсаулық жағдайымен, оның төзімділігімен, жүйке жүйесінің мықтылығымен айқындалатын болғандықтан, ол дене тәрбиесімен тығыз байланысты қарастырылады. Нарықтық экономика жағдайында адамның жеке басының саулығы, оның дене күшінің ырығымдылығы, оның жеке басының ерекше құндылығы болып саналады. Сондықтан спорт әрбір адам үшін өмірдегі қажетті құндылық болып есептеледі.

Дене жаттығулары – адамның физикалық дамуы үшін қолданылатын қозғалыстар немесе әрекеттер. Бұл тұлғаны физикалық жетілдіру, өзгерту, оның биологиялық, психикалық, интеллектуалдық, эмоционалдық және әлеуметтік мәнін дамыту құралы. Дене жаттығулары дене барлық түрлерінің негізгі құралы болып табылады. Олар миға әсер етіп, көңілділік пен қуаныш сезімін тудырады, оптимистік және теңдестірілген нейробиологиялық жағдайды жасайды. Дене шынықтырумен балалық шақтан қартайғанға дейін айналысу керек.

«Дене тәрбиесі тәрбиенің басқа салаларымен табиғи байланыста болып, тұлғаны жан-жақты үйлесімді қалыптастырып дамытуда маңызды міндеттерді атқарады. Дене тәрбиесі эстетикалық тәрбиемен де тікелей байланысты. Оның барысында баланың дене бітімі, кимыл — қозғалысына қатысты эстетикалық талғамы, бағалауы, көзқарасы қалыптасып дамиды. Дене жаттығулары кимыл-қозғалыстағы әсемдікті көре, бағалай білуге үйретеді және онда үйлесімділіктің болуына тәрбиелейді.

Сонымен қатар, дене шынықтыру және спортпен шұғылдану ағзаның жалпы нығаюына көмектесіп, бұлшық ет, тыныс алу жолдары және жүйке тамырларын дамытады, барлық ішкі мүшелердің жұмысын жақсартады және қан алмасу процесін күшейтеді. Дене шынықтырудың сауықтыру және профилактикалық әсері қозғалыс белсенділігінің жоғарылауымен, тірек-қимыл аппаратының функцияларын күшейтумен, зат алмасуды белсендірумен тығыз байланысты. Қозғалыс белсенділігі мотор тапшылығын (физикалық әрекетсіздік) жеңу үшін де, денсаулықты сақтау және нығайту үшін де үлкен маңызға ие. Қозғалыс белсенділігінің жетіспеушілігі адам ағзасында табиғатпен белгіленген нейро-рефлекторлық байланыстардың бұзылуына әкеледі, нәтижесінде жүрек-тамыр және басқа жүйелердің жұмысы бұзылады, зат алмасу бұзылады және әртүрлі аурулардың дамуына әкеледі.

Ақыл-ойдың дамуы, рухани күштер мен қабілеттердің даму көп жағдайда адамның денсаулық жағдайымен, оның төзімділігімен, жүйке жүйесінің мықтылығымен айқындалатын болғандықтан, ол дене тәрбиесімен тығыз байланысты қарастырылады. Нарықтық экономика жағдайында адамның жеке басының саулығы, оның дене күшінің ырығымдылығы, оның жеке басының ерекше құндылығы болып саналады. Сондықтан спорт әрбір адам үшін өмірдегі қажетті құндылық болып есептеледі.

Дене еңбегі және әуесқойлық спорт денсаулықты нығайту және алдын алу үшін дене шынықтырудың тамаша құралы болып табылады. Олар отырықшы жұмысы бар адамдарға, сондай-ақ білім қызметкерлеріне өте қолайлы. Негізгі талап – жүктемелер орындалатын болуы және ешбір жағдайда шамадан тыс кернеу болмауы керек. Дене шынықтыру қазіргі қоғамның жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде халықтың барлық топтарының дамуы мен тәрбиесіне күшті әсер ететін көп қырлы әлеуметтік құбылыс. Жоғарыда айтылғандарға сүйенсе отырып, дене тәрбиесі адам өмірінде өте маңызды рөл атқарады деген қорытынды жасауға болады.

Қ.БЕЙСБАЕВ,
Ш. Уәлиханов ОМГ
дене шынықтыру
пән мұғалімі

Әйгілі суретші, әлемдік бейнелеу өнеріне кубизм бағытының әкелген қылқалам шебері Пабло Пикассо: «Суретші көргенін емес, сезінгенін бейнелейді» деген екен. Осындай талантты жастың бірі – ауданымыздың орталығы, Қарабұлақ ауылының Шоқан Уалиханов атындағы мектептің ұстазы, суретші - Қастер Болат. Жас азамат дәл қазір шәкірт тәрбиелеумен қатар, шығармашылық жұмыспен айналысып жүр. Суретшінің ой-қиялынан туған картиналары әртүрлі тақырыпты қамтиды. Атап айтқанда, натюрморт, портрет, пейзаж, сонымен бірге тірі жан иелерін бейнелейтін анималистік бағыт пен белгілі бір тарихи оқиғаларға арналған көркем туындылар салуда. Бар әлемнің болмысын бір бояуға сыйдырған. Мың құбылған тылсым сырын қағаз бетіне түсіретін сарбаз азамат. Қылқаламы арқылы әр бейнеге жан бітірген. Оның бар болмысы қарандаштың ұшымен-ақ парақтың бетінде бейнеленген.

Бала күнінен бейнелеу өнеріне ғашық болып өскен өнер иесінің туындылары талайдың таңдайын қақтырып, тамсандырып жүр. Суретшілер арасындағы аудандық, облыстық республикалық байқаулардың жеңімпазы, жер жаннаты – Жетісу жұртына танымал десекте артық етпес. Текті халқымыз «жақсыдан жаман туса да, жаманнан жақсы туса да тартпай қоймас» деп бекер айтпаса керек. Қастердің де әкесі де кесіндемеден алыс болмаған екен. «Қанда бар икемдік талаптансаң өнеді ғой. Үйдің ішін суретке толтыратынмын. Ойнасам да сурет салатын едім. Жазғы демалыста үйірмелерге қатысып жүрдім, кейіннен арнайы оқыдым» – дейді Қастер Болат.

2006-2010 жылдар аралығында Семей мемлекеттік педагогикалық институтында бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша білім алады. Бұл жылдар бозбаланың бүгінгі жетістігінің нәтижесі.

– Қылқаламға құштарлық қайдан туды, бәрі қалай басталып еді?

Сурет салу – Құдайдан берілетін қасиет. Оның көзін ашып, арнасын кеңейту, болмаса талант тасқынын дер шағында ұстап қалу – әр пенденің өз өншісіндегі іс. Ауыл балалары секілді мені де арман қанатына мінгестіріп, өнерге іңкәр еткен туған өлке табиғаты, айналаман алған әсер. Бұған басты себепкер деп ең алдымен, әке мен ананың тәрбиесін, қазақы ауылдың қоңыр тіршілігін, бала қиялдан бүр жарған әппақ үмітті атаған болар едім. Осы уақытқа дейін сурет өнері менің жан рахатым ғана емес тіршілігімнің тірегі болып келеді. Сурет – ырыққа бағынбайтын шекарасы жоқ әлем. Сондықтан суретші қиялмен тежей алмайсың. Ал шығармалардың құндылығын уақыт өзі екшейді. Ең бастысы, өнер адамы өзінің рухани діңінен ажырамағаны абзал. Суреткерді тарих шыңына алып шығатын оның салған сүрлеуі, өнердегі өзіне ғана тән дара жолы. Мәселен, Гогеннің бір шығармасын сал десеңіз кез келген суретші айнытпай салып береді.

ҚАСТЕЕВ ІЗІМЕН - ҚАСТЕР БОЛАТ

Бірақ оны көшіре салғанымен, ол Гоген бола алмайды, өйткені ол оны ойлап тапқан жоқ. Мұндағы негізгі мән суретші сол тың бейнені алғаш болып өмірге әкелуінде. Бейнелеу өнеріне өз бағытыңды алып келгенде ғана сен Сальвадор болып қаласың. Рембрандт психологиялық портреттерімен, Джотто адам сұлбасын өзгеше кейіптеуімен, Леонардо да Винчи адамның сегізге бөлінетінін, онда бас негізгі өлшем болатынын айшықтауымен әлемдік тарихта қалды. Моне екі мыңнан астам сурет салғанымен, оның екі жүзін ғана алып қалып, қалғанын өртеп жіберген. Себебі ол суреттерді ешкімге керек емес, айтары жоқ дүниелер деп есептеген. Яғни өзіне сын көзбен қарап, өнер өлшемін биік қойған. Өнерге талаптанған жастар Зигмунд Фрейдтің психологиясын, утопистердің еңбектерін шолып шығуы қажет. Бейсанадағы дүниені жарыққа шығару үшін суретшіде зияткерлік білім болғаны дұрыс. Суретші белгілі бір композицияны сомдамас бұрын өзінің алғашқы ойы мен соңғы мақсатын анық көріп, сол арқылы шығарманың мәнін таразылағаны ләзім.

– Қастер, сурет өнері деген біздің қазақ мәдениетіндегі, қазақ өнеріндегі кенже қалған өнердің біреуі ретінде саналады. Бірақ сол кенжелігіне қарамастан әсіресе кеңестік дәуірде 60 жылдардан бергі кезеңдерде қазақ сурет өнері ерекше жоғарғы қарқынмен дамыды. Біздің ұлттық идеологиямызды айтуда, ұлттық мәселелерімізді терең қозғауда суреттің тілі ерекше астарлы тіл бола білді. Жалпы сурет салуға деген қабілетті қай кезде байқадыңыз?

Мен 1-2 сынып оқып жүрген кезімнен-ақ сурет сала бастадым. Сурет салуға деген ынтамды әкем ашты. Себебі әкем ақын әрі күйші болатын. Ептеп арасында сурет салатын, ақындықтың арқасында табиғатты көркем тілмен жеткізіп оны көз алдына бейнелеп суреттейтін. Өкемді ауыл тұрғындары екінші Мұқағали деп атайтын. Маған суретшілік өкемнен дарыған болар деп ойлаймын.

– Пабло Пикассо: «Суретші – әр жерден: аспаннан, жерден, қағаздың сыбыдырынан, өткініші формалардан, тордан, таулардан, даладан, табиғаттың әртүрлі көріністерінен келетін эмоциялардың ортасы» депті. Өркім әртүрлі пайым айтса да қылқалам құпиясын меңгеру екінің біріне берілген қасиет емес қой. Жалпы, Сіздің ұғымыңызда суретші деген кім, оның миссиясы не?

Суретші – басқа адамдардың қуанышын бөлісіп, қайғысына ортақтасатын, шындықты дәріптейтін һәм әсемдікті әйгілейтін ізденімпаз жан. Көп ғасырлар бойы



адамдар жасаған ұлы көркемдік құндылықтарды оқып-үйренбей, өнерді түсіну және сүю мүмкін емес. Суретші – дәуірдің айнасы. Оның ұлы миссиясы – уақыт үнін келешекке жеткізу. Біз сурет өнеріне ат үсті қарамай оған терең таныммен үңілуіміз керек. Түптеп келгенде, суретші ұлы Жаратушының құдіретін әйгілейтін тұлға. Айталық, қылқалам шебері кейіпкердің сезімін дәл сомдап айнытпай бедерлегенімен оған жан бітіре алмайды. Міне, осы жерде ол өзінің әлсіздігін мойындап, барлық құдірет Құдайға ғана лайықты екенін паш етеді. Ал мұны терең зерделей алмағандар бейнелеу өнерін дінге қайшы құрал ретінде көрсеткісі келіп жүр. Меніңше бұл қате пайым. Қолының икемі бар адамды бейнелеу өнеріне үйретіп, шебер суретші жасауға болатын шығар. Бірақ одан нағыз суретші шығара алмайсың. Өнер деген ішкі ауру. Өзегіңді өртеген керуен ойларды сыртқа шығармасаң жаның жай таппайды. Суретшінің қаламгерлерден айырмашылығы салған суретін өзге тілдерге аудару әуреленбейді. Себебі өнердің тілі тұтас адамзатқа ортақ. Оны әр ұлт өз өресінде, өз танымында түйсінеді. Кенептің тағы бір миссиясы мәдениеттерді жақындастыру арқылы адамзатты ынтымаққа ұйыстыру. Сурет өнерінен ұлттың тарихын, қасиет-қалыбын, тіршілік арнасын көруге болады.

– Әрбір шығармашылық адамының ұнататын, не болмаса бейімделген бейімделген бағыты бар. Сіздің қылқаламыңыздан туған дүниелердің қатарында қандай көріністер басым?

Көбінесе табиғат пейзажи және тұрмыстық, портреттік жанрлар суретін салуға құмармын. Соларға акварель, гуаш, майлы бояуды пайдаланамын. Тұлғалар портретін, табиғатты, қазақтың ұлттық дәстүрлерін дәріптейтін суреттерді бейнелеймін. Бұдан бөлек түрлі тақырыптағы көптеген еңбектерім бар.

– Туындыларыңыздан туған жерге деген сүйіспеншілікті көруге болады...

Иә, дұрыс аңғарғансыз. Менің көп суретім туған жермен тікелей байланысты. Туған ауылымның түтініне дейін суреттерімнен орын алды. Оның әр тасы мен құмы мен үшін ерекше. Ауылыма қарасам тынысым кеңейіп, шабытым оянады.

– Шабытым демекші, оны басыңыздан қалай өткізіп жүрсіз?

Негізі үнемі ой үстінде жүремін. Кейде санамада неше күннен бері қорытылып, жинақталған бейнелерді қағаз бетіне тұн жарымда түсіремін. Әр кезде әрқалай. Күндіз жұмыста болғандықтан, демалыс күндері мен түнгі мезгілде шығармашылықпен айналысуға тура келеді. Негізі мен үшін шабыт жан дүниемнің тыныштығы сонымен қатар күшті өнерге жұмсаймын.

– Өнер сатылмайды десек те кейбір суреттеріңізді қаншаға бағалайсыз?

Сатылатын суреттерді көбіне тапсырыспен саламын. Ең қымбаты елу мың теңге болуы ықтимал, негізі көлеміне қарай. Әрбір шығармаң

балаң сияқты, сол үшін қымбат.

– Әлемде әйгілі картиналардан сол ұлттың бір нақысы білінеді. Дендеп қарасақ, тарихына да куә боламыз. Ал Сіз ұлттық нақыш пен ұлттық тарихқа қаншалықты мән бересіз.

Біздің салт-дәстүріміз өзі үлкен бір картина, соны бейнелеу тілімен жеткізе білу үлкен бақыт. Суретшінің негізгі міндеті өзінің

жаны қалаған картиналарды жазу. Сонымен қатар, ұлтты не беремін, мемлекетіме не беремін деген ойды естен шығармаған жөн. Менің бұл бағытта бірнеше картиналарым бар. Жалпы түрлі бағытта сурет салған жақсы, маған да қызық. Бірақ айналып келгенде барлығы да көңіл-күйге байланысты.

– Жеке көрмелерін жиі өткізу суретші шығармашылығын шыңдауға қалай әсер етеді? Жалпы, көрмеге көзқарасыңыз қалай?

Көрме сенің бүкіл рухани әлеуетіңді көрсетеді. Түптеп келгенде, өнертанушылар мен суретшілер көрмеге сені сынау үшін келеді. Мұны көлкіген мақтау есту үшін науқаншылдыққа айналдырсаң өнерді қадірлемегенің. Сен өз деңгейіңді білуің керек. Ал өзіңе сын көзбен қарай алмай, құр мақтауға еліру өнеріңді өшірмесе, өсірмейді. Бұл әрбір суреткердің ішкі мәдениетіңнің өлшеміне тән дүние.

– Көрмелерге өз туындыларыңызды шығарып тұрасыз ба?

Қазірге облыстық деңгейде ғана, бұйыртса алдағы уақытта еңбектеніп жатсақ Республикалық тіпті халықаралық көрмелерге жол тартармыз деген ойдамын. Үмітсіз шайтан демекші қолымыздан келгенше тырысып көремін.

– Әйгілі Винсент Ван Гог: «Мен ғибадатханаларды салғаннан гөрі адамның жанарына үңілгенді ұнататын. Адам жан дүниесі әлдеқайда қызықты» деген екен. Сізді бейнелеу өнерінің биігіне алып шыққан дәл осы адам бейнесін салу. Жалпы, портрет жанры туралы не айтасыз?

Портреттің басты мұраты айнытпай ұқсастып, көшірме жасау емес. Басты мән ұқсастықта болса портреттің фотосуреттен қандай айырмашылығы бар? Кейіпкердің ішкі жан дүниесімен сыртқы сұлба қабысқанда ғана образ пайда болады. Сондықтан бұл күрделі жанр кез келген өнер иесінің оңтайына келе бермейді. Портрет – сонау ескі замандардан келе жатқан бейнелеу өнеріндегі ең бір көне жанр. Ерте замандардағы тасқа қашалған суреттер, жер-жерден табылған балбал тастардағы бейнелер осыған дәлел. Аталған жанр ең алғаш Мысыр мен Грек жерінде өркен жайды. Адамның сыртқы формасын жасаудан басталған бағыт кейіннен өзгерістерге ұшырап, академиялық талап-тілектерді орындайтын дәрежеге дейін жетті. Қайта өрлеу дәуірінде бұл бағыт тіптен шырқау биікке құлаш сермеді. Сыртқы ұқсастықтан бұрын, ішкі жан дүниеге терең мән беріле бастады. Бұл кезең Леонардо да Винчи, Микеланджело, Рембрандт, Рафаэль секілді кесек тұлғалардың дүниеге келуімен ерекшеленді. Ал қазақ бейнелеу өнерінде портрет жанрын алғаш қолға алған – Әбілхан Қастеев. Жоғарыда айтып өткеніміздей, техниканың өркендеуі саланың дамуына серпін берді. Фотоаппараттардың пайда болуы тіпті «портрет керек пе?» деген сауал туындатты. Өйткені техниканың көмегімен біз адам бейнесін гиперреализм дәрежесінде тарта ала-

тын болдық. Техника қанша жерден көкке өрлесе де шынайы өнердің құндылығы биік тұратынын уақыт өзі дәлелдеді. Техника суретшінің ішкі сезімін бере алмайды. Басты айырмашылық осында жатыр. Даңқты Пикассо кезекті кейіпкердің суретін салғанда, әлгі кісі: «Бұл маған мүлде ұқсамайды ғой!» депті. Сонда ұлы суреткер: «Сіз отыз жылдан кейін осындай боласыз», десе керек. Шынында сол кісі, арада жылдар өткен соң дәл сондай болған деседі. Демек, суретші өзінің алдындағы кейіпкеріне қарап отырып, қиялымен оның болашағына саяхат жасауы, яки өткен өмірінің тұңғығына сүңгіп кетуі мүмкін. Нағыз қылқалам шебері уақыт пен кеңістіктің шеңберінде шектеліп қалмайды.

– Бұл салада жетістікке жетіп жүрген жандардың бірісіз. Атақ пен марапат та біраз болып қалған шығар?

Жоқ. Бұйыртқанына шүкір дейміз. Үлкен жетістік әлі алдыда. Бірақ облыстық көрмелерде туындыларымды шығарып тұрамын. Атап айтсам, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған атты облыстық кәсіпқой суретшілердің көрме байқауында бас жүлдені де 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне арналған «Анамның бейнесі» атты көрме байқауында 3 орынды иелендім.

– Өмір өрнегің ұстаздық жолмен қатар өріп келесіз. Кәсіби салаға қатысты жауапты қызметтің тізгінін ұстап жүргеніңізді де білеміз. Жалпы, ұстаздық шығармашылық адамына кедергісін тигізсе ме?

Ұстаздық өнерге мүлдем қолбайлау болмайды десем жалған айтқан болар едім. Көңілде жүрген жұмыстардың көбі кенепке түспей қалып жатады. Бұл – өкініш. Суретші үшін қол, көз, ми үшеуі бірдей жұмыс істеп отыруы керек. Өйткені көздің көргенін ми қорытып, соны қол орындауға тиіс. Үшеуінің біреуі өз миссиясын дұрыс атқармаса сурет солғын шығады. Осының бәрі өз деңгейіңде қаламыңды тежейді. Педагогикалық қызметтің шығармашылық адамы үшін бір жақсы жағы бар. Өнердің теориялық қырын білу арқылы практикалық тұрғыдан дамуға болады. Қарапайым мысал. Мәселен, жылы түс пен суық түстің арасын қалай байланыстырамыз. Теорияны оқыған адамға бұл оп-оңай. Ұстаздықтың тағы бір пайдасы өзің үйретіп жүріп үйренесің. Жастардың бойындағы эмоция, жалын-жігер кейде өзіңе де қуат беретін кездер болады. Жас ұлғайған сайын адамды ақыл жеңіп, эмоция азая бастайды. Ал мүлде эмоция болмаса, ол шығармадан әсер алу мүмкін емес.

– Өзіңіз машықтап, білгеніңізді үйретіп, дайындап жүрген шәкірттеріңіз бар ма?

«Ат тұяғын тай басар» демекші, білгенімді үйретіп жүрген шәкірттерім аз емес баршылық. Олардың жеткен жетістіктері өте жақсы. Деңгейлері де өздерінің жасына сәйкес. Тіпті өзінің жасынан асып түсіп, бір айтқанымды қағып алып үйренетін, суретті жақсы салатын дарынды оқушыларым бар. Барған жерлерінен үнемі бас жүлде бірінші орын әкеліп, абайройымды көкке көтеретін шәкірттерім барына өте қуанамын. Басты мақсатым – елімізге шын мәнісінде еңбек сіңіретіндей көптеген шәкірттер дайындау, соларды өнер жолына бейімдеу, тарихи маңызы бар суреттер арқылы замандастарымызды ұлттық болмысымызды терең-танып білуге шақыру! Бейнелеу өнері төзімділікті қажет етеді. Суретшілік – сұлулықты көре білетін, тапқырлықты керек ететін мамандық. Білім алудың өзі инемен құдық қазғандай. Сондықтан, суретші болғысы келген әрбір адам ұзақ уақыт, жалықпай еңбек етуі керек. Бейнелеу өнері оңай іс емес.

Уақыт тауып, сұхбаттасқаныңызға рахмет. Сізге шығармашылық табыс тілейміз!

**Ақниет ЭЛЬДАРҰЛЫ,
Сұхбаттасқан**



АУДАН ӘКІМІ КӨКТЕМГІ ДАЛА ЖӘНЕ ЕГІН ЕГУ ЖҰМЫСТАРЫМЕН ТАНЫСТЫ



Аудан әкімі Елдос Ахметов Бақтыбай ауылдық округі «Дюсенбинов А.К.» шаруа қожалықтарының егістік алқаптарын аралап, көктемгі дала жұмыстарына деген дайындықтарын бақылап қайтты. Шаруашылық тәрағалары егін науқанында атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап берді.

Күн жылып, жердің тоңы жібіген кезде басталатын жыл сайынғы көктемгі егіс дала жұмыстары Ескелді ауданында да быыл да қарқын алды. Ауданымыз аграрлық өңір болғандықтан, жыл сайын егістік көлемін

арттыруға мүмкіндік тауып отыр. Мәселен, өткен жылы егістік көлемі 53237 гектарды құраған. Быыл бұл көрсеткіш 53312 мың гектарға артады деп жоспарлануда. Сонымен қатар, өңірде өсімдік шаруашылығын әртараптандыру мақсатында дәнді дақылдар, майлы дақылдар, қант қызылшасын, көкөніс-бақша, картоп және мал азықтық дақылдардың да көлемін арттыру көзделуде.


Быыл «Дюсенбинов А.К.» шаруа қожалығы 350 гектар қант қызылшасын, 2000 гектар астық дақылдарын, 100 гектар жүгері, 80 гектар майбұршақ егуді жо-

спарлап отыр. Бұл жұмыстарға шаруашылықтардың техникалары сақадай сай дайындалғанын тілге тиек етті. Қазіргі таңда қызуеңбекжүруде. Бүгінде өңірдегі ауа-райының құбылып тұрғанына қарамастан, ауылдықтар да көктемгі егіс дала жұмыстарына кірісіп кетті. Ал, шаруалардың еңбегінің нәтижесін уақыттың өзі көрсетеді. Ең бастысы еңбек етуге барлық мүмкіндік бар.

Ақта кетейік, аудан бойынша 17800 гектар жерге ылғал жабу жұмыстары жоспарланып, оның 18% орындалды, 23312 гектар жердің 320 гектар жері жыртылды. 12201 гектар күздік бидай мен көпжылдық шөптерді тырмалау жұмыстары жоспарланып, 6800 гектар жері тырмаланды. 620 гектар жаздық дәнді масақты дақылдары себілді. 2683,3 гектар жүгері дәнге дақылды, 11435 гектар майлы дақылды, 1600 гектар картоп дақылды, 1489,6 гектар мал азық дақылдарын себу, 1900 гектар қант қызылша себу, 1037,6 гектар көкөніспен бақша дақылдарын себу жоспарлануда. Сонымен қатар, егістіктің сапасын арттыру үшін техникалардың да сапалылығы маңызды.

Меруерт ҚАЛҚАБАЕВА,
Ескелді ауданы әкімінің баспасөз хатшысы

ШУАҚТЫ СӘУІР, ШИПАЛЫ СӘУІР



Лингвисттердің айтуынша, «сәуір» сөзі араб тілінен енген, мағынасы «өгіз» деген екен. Ал, жұлдыз айлары бойынша «Торпақ шоқжұлдызының» атауы болып табылады. Бізге осы «өгіз» сөзінің керегі жоқ, секілді. Қазық бұл айды «көкек» деп атаған. Бұлай аталу себебі көктемнің бір белгісі көкек құсының алғаш шақыра бастайтын мезгілімен байланысты. Бұл айдың өзгешелігі - құс үнінің ерекше байқалуы. Кейіндеу біреулер көкек жеңілтек құс, өз атын өзі шақырады, сондықтан осы сөз жағымсыз мәнде айтылады деп айтамын арабтан енген «сәуірмен» ауыстырған. Егер нақтысын айтсақ, бұл ай аты коммунистік идеология түсірілі жерге түспейтін замандағы партия басшыларының пәрменімен өзгерген. «Апрельде өткен партия пленумын «көкек пленумы» деп айтамыз ба деп, сәуір деген атауды ендірген солар. Шоқан Уәлихановтың пайымдауы бойынша, көкек жағымсыз құс емес, керісінше, киелі құс. Бес биенің сабасындай бөйбішелер май мол болады деп, көкек қонған бұтақты алып, сүт құйған сабаға салып қоятын болған. Шынында көкек өз атын шақырмайды, ол

«куы-ык-кук» деп дыбыс шығарады. Сол дыбысты қазып алып, оған «көкек» деп ат қойып жүрген адамдардың өзі. Өйтпесе, ертеkte болмаса өмірде құстардың өзіне ат қойып жатқанын естіген біреу бар ма? Жарайды, бүгін бұл мәселені талқылайын деп отырған жокпыз. Сәуір айында «бесқонақ», «қызыр қамшысы», «тобылғы жарған», «отамалы» деген төрт амал кіреді. Жауын-шашынды, желді кейде боранды осы амалдар өтпей, жайма шуақты күндер басталмайды. Демек, бұл амалдар көрі қыстың «тұяқ серпуі» секілді. Қазқтың «сәуір болмай, тәуір болмайды», «сәуір болмай, сайран болмас, сайран болмай, айран болмас» «сәуір болса күн күркірер, күн күркіресе көк дүркірер», «сәуір жақсылығына бақса алты күн, жақсылығына бақпаса алпыс күн» деген сөздері осы септелті айтылған. Өзімізге жақын мысалды-ақ алайық. Сәуір айының он бесінші күні келмей, қаладағы көпқабатты үйлер жылудан ажыратылмайды. Демек, жаз шықты дегенге әлі сенім жоқ. Мұнан ұғатынымыз, сәуір айы - табиғатқа ерекше серпін, өзгеше өзгеріс әкелетін ай. Дінімізде сәуір жаңбырының адам азғасына берер шиласының мол екендігі жөнінде де айтылған. Жыланның уы, балықтың інжуі, тіпті бал арасының балы да осы жаңбыр суынан пайда болады дейді. Ең таза судың сәуір жаңбыры екені өмір тәжірибесімен дәлелденген. «Бұл суды ішкен кісінің барлық ауруларына пайдасы бар. Сәуір жаңбырын алу тәсілі: ыдыс биік жерге қойылады, жаңбыр тіке ыдысқа түсуі керек. Жылгадан аққан су жарамайды. Алғашқы жаңбырды емес, екінші немесе үшінші жауған жаңбырды алған жөн. Ауадағы ластық тазаланған болуы керек. Сосын суды алған соң сүзіп алып, қолданады» - деп тұжырымдайды ғалымдар.

Меруерт ЕРБОЛАТҚЫЗЫ

Қазақтың ұлттық ойындары бес түрге бөлінеді. Олар: аңға байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен ойналатын, зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін, соңғы кезде қалыптасқан ойындар. Олардың негізгілерінің өзі жүзден астам. Бұл ойындардың көбісінің ежелден қалыптасқан арнайы өлеңдері бар. Өлеңдер ойынның эстетикалық өсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ыстық ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын арттырып, еңбекке баулиды, шырықтырып, шынықтырады.

Этнограф - ғалымдардың пайымдауынша, ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарады. Біздің қоғамымыздағы ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық қарекеттерінен бастау алады.

Ұлттық ойын - тәрбиенің бастауы. «Аламан бәйге», «Алтыбақан», «Арқан тарту», «Ақ сүйек», «Тенге алу», «Аударыспақ», «Қыз қуу», «Жамбы ату»... Санай берсеңіз, қазақтың ұлттық ойындары осылай жалғаса береді. Біздің алға қойған мақсатымыз халқымызға тән осынау ұлттық ойындарымызды тізіп шығу емес. Керісінше, ата-бабаларымыз бұдан сан ғасыр бұрын ойлап тауып, уақыт өте ұрпағына қалдырған ұлттық ойын түрлерінің маңызы мен мәнін саралап, дәл осы ойындарды жаңа ғасырда жаңаша пайдалануды бұлжымаз дәстүрге айналдырсақ деген ой-пікірді иісі қазақ басшылардың есіне салсақ деген ниеттен туындап отыр.

Э т н о г р а ф - ғ а л ы м д а р ы ң зерттеулеріне жүгінсек, қазақтың ұлттық ойындары аңға, малға байланысты, алуан түрлі заттармен ойналатын, зеректікке, ептілік пен икемділікке, батылдыққа баулитын ойындар деп бірнеше түрге бөлінеді. Қайсыбір ғалымдар қазақ халқының ұлттық ойындары түрінің жүзден асып жығылатынын айтады. Мұның өзі қазақ халқының ежелден-ақ айрықша дарынды һәм білімді болғанының дәлелі. Тағы бір ерекшелігі, ұлттық ойындардың, әсіресе, жасөспірім балаларға арналған түрлері әдетте өлеңмен «өрнектеліп» те отырған. Өлең-жыр арқылы ата-бабаларымыз ойынның эстетикалық өсерін арттырып қана қоймай, бұлдіршіндердің өлең-жырға деген ықылысын оятып, дүниетанымын арттыра білген. Тіпті қайсыбір ойын арқылы жас ұрпақты еңбекке баулып, шынықтыруды мұрат еткен. Демек,

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ

халқымыз ұлттық ойындар арқылы жастарды өмір сүруге дағдыландырып, қиындыққа төзе білуге, қиын сәттен жол таба білуге машықтандыруды басты мақсат еткен. Мысалы, «Аламан бәйге», «Аударыспақ», «Арқан тарту» ойындары адамды төзімділікке үйретуге, ерік-жігерді игере білуге, білек күшін дамытуға бағытталған. Ұлттық ойындардың тағы бір ерекшелігі, әр ойын жас ұрпақты салмақты да салмақты, шебер әрі епті болуға баулиды. Өйткені әрбір адам өзінен өрбіген ұрпақты ынжық, бойкүйез болып қалмай, жан-жақты, білікті де күшті болып өсуін өмірдің мәңгі мәні ретінде қабылдаған.

Жалпы, қазақтың ұлттық ойындарының қай-қайсысының да қоғамдық және әлеуметтік мәні зор. Бұған қоса, ұлттық ойындар қазақ халқының о бастан ерекше мәдениетті болғанын айқындайды. Ата-бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы ұрпақтың береке-бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған. Шындығына келсек, адамның өмір сүруінде қазақтың ұлттық ойын-дарының атқаратын маңызы ерекше. Басқаны былай қойғанда, әр ұлттық ойын оған қатысушыны өмір сүруге бейімдеп ғана қоймай, қиындықтан қорықпай, қарсы тұра білуге үйретеді. Мысалы, бір ойын шеберлік пен ептілікке, енді бір ойын талғампаздыққа, ал енді бір ойын қиын-қыстау кезеңде тез шешім қабылдап, оңтайлы жол таба білуге баулиды. Оның үстіне ұлттық ойындардан спорт пен патриоттық тәрбие айқын аңғарылады. Мұның өзі қазақтың ұлттық ойындарының тәрбие берудің таптырмас құралы екендігін дәлелдейді. Өкінішке қарай, қазіргі күні біз маңызды зор ұлттық ойындарымыздың тек бірен-саранын («Аламан бәйге», «Көкпар», «Алтыбақан») ғана игере алдық. Осы тұрғыдан келгенде, қазақтың ұлттық ойындарының ішінде «Тоғызқұмалақ», «Жамбы ату», «Аударыспақ», «Көкпар», «Хан дойбысы» секілді түрлерін сарпанақана, олимпиада ойындарына қысылмай-ақ қосуға болады. Мысалы, қазақтың ұлттық ойыны «Жамбы ату» бүгінгі күні олимпиада құрамындағы биатлоннан еш кем емес. Тек біздің Спорт және туризм министрлігі дәл осы «Жамбы ату» тәрізді ұлт-тық ойынымыздың мән-мағынасын терең түсініп, оны шетелдіктерге жеткізе білсе болғаны. Өйтпесе, біздің қаншама ұлттық ойындарымыз әлемдік додалы жарыстар өткізуге сұранып-ақ тұр. Ең бастысы, өзіндік ұлттық төл ойындарымыздың беделін көтере білсек болғаны. Амал не? Бұл тұста әлі күнге қимылымыз шабан. Бізді бәрінен бұрын мәселенің осы жағы толғандырады, - дейді тарихшы-



этнограф ғалым Бабақұмар Гинаят.

Жастардың ұлттық сана-сезімінің дамуында қазақтың ұлттық ойындарының алатын орны айрықша. Оның ішінде қазақтың ұлттық спорт түрлерінің қатарына жақында қосылған қазақтың «хан дойбысы» ойынын атап өтуге болады. «Хан дойбысы» - мемлекет тізгінін ұстаған хандардың, билердің арасында кең тараған ойын түрі. Хан, би секілді лауазымды билікте болған бабаларымыз өздері өмір сүрген кезеңде бұл ойынды тек ойын тұрғысынан емес, ел басқарудағы саяси құрал ретінде де пайдалана білген. Табылғанына көп уақыт болмаса да, «Хан дойбысы» ойыны қазақтың мінезімен біраз жанын жүрегін жаулап алды. Бір қуантарлығы, қазіргі уақытта ойынның осы түрін насихаттауға Қазақ ұлттық аграрлық университетінің жастары атсалыса бастады. Үстіміздегі жылы «Азиада-2011» ойындары шеңберінде Қазақ ұлттық аграрлық университетінің 80 жылдық мерейтойына орай қазақтың ұлттық ойыны «Хан дойбысынан» тұңғыш рет турнир өткізілмекші. Бұл өрине, дүйім жұрт болып құптайтын бастама! Қазақ халқы ежелден жылқы малын айрықша қастерлей білген. Ал олардың сәйгүліктерге деген ынты-ықпалы ат ойындарына сүйіспеншілікті арттыра түскені даусыз. Қазақтың ұлттық ойындарының ішінде ат ойындарының ерекшелігі мен маңызын айтып жеткізу тіпті де мүмкін емес. Бір таңданарлығы, ертеkte әр жігіт, тым болмағанда, ат сайыстарының бір түріне қатысып, жүзден жүйрік шығуды аңсаған. Халқымыздың жер тарпыған сәйгүліктерді жақсы көргені соншалық, оларға «тіл-көз тиеді» деп қорыққан. Сондықтан бөлек-жаладан сақтану үшін бәйгеге қосатын тұлпарларды ешкімге көрсетпей, үстіне жабу жауып, жануардың құйрық-жа-лын өріп, әр жеріне үкінің қауырсындары мен тіл-көзден сақтайтын тұмар таққан. Әдетте, шабандоздыққа 8-14 жас аралығындағы жасөспірім балаларды дайындаған. Тіпті қазақ қыздары да жорға жарыстарына қатысып,

шабандоздықты өздеріне серік еткен. Сонда ежелден халқымыздың қанына сіңген, сонау ғасырлар қойнауынан жаңа заманға жеткен ұлттық ойындарымызды өзіміз түгендемесек, кім тұрамайды? Тәрбиелік мәні зор ұлттық ойындарымызды бүгінгі ұрпақтың бойына нәліктен сіңірмесек?! Ұрпағының ұлт болып қалыптасуын ұмытпаған елдің ғана көсегісі көгеретінін ұмытпайық, ағайын!

Ойын түрлері:

- «Ақшамшық»** (сақина салу) - қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны халық арасында «Сақина салу», «Сақина тастау» деп те айтады. Ойынға он-он бес адам қатысып, ортаға бір жігітті немесе бір қызды шығарып, қолына сақина ұстатады. Ойын ережесі бойынша қыз-жігіттер үйде дөңгелене отырып, екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Ойынды жүргізуші алақанындағы сақинаны кімге салса да өз еркі. Ол адамдардың барлығының алақанына сақина салған болып шығады да дауыстап: «Тұр сақинам, тұр» деп немесе «Ақшамшығымды бер!» деп дауыс-тайды. Сол сөз сақина тасталған адам «Сақина мәнде!» деп орнынан тез тұруы керек. Оны көршісі ұстай алмай қалса, жұрт алдында өз өнерін көрсетеді.
- «Тенге алу»**. Жерде жатқан теңгені атпен шауып келе жатып іліп алу - үлкен ептілікті, ат құлағында ойнайтын шабандоздың тәжірибелі қажет етеді. Теңгені жерден іліп алғанда жеті бәйге беріледі. Бұрындары қазақ жігіттері атпен шауып келе жатып, қолындағы қылышымен жерде жатқан тезекті түйреп алып, көкке лақтырып жіберіп, оны жалма-жан қылышымен екіге шауып түсіретін болған.
- «Қыз қуу»**. Бұл - ұлттық ат спорты ойыны. Қыз қуу жарысында атқа мінген жігіт атпен шауып бара жатқан қызды қуып жетіп, оның бетінен сүюі керек. Бұл - жігіттің жеңгені. Қуып жете алмаса, қайыра шапқанда қыз жігіт пен оның атын қамшының астына алады. Бұл - қыздың жеңгені. Қазір бұл ойынның ережесі жасалып, бір жүйеге келтірілді. Қазақстанда алғаш жұл спорттық жарыс ретінде 1923 жылы өткізілді. Содан бері оқта-текте мерекелік бағдарламаларға енгізіліп келеді.
- «Көкпар»**. Ұлттық ат ойыны. Этнографтардың айтуынша, әуелгі атауы «көк бөрі» сөзінен шыққан. Бұрындары мал баққан көшпелі қазақ көк бөріні соғып алғанда, елігін ат үстінде сүйреп, бірінен бірі ала қашып, өздерінше ойынның бір түрін ойлап тапқан. Уақыт өте келе көкпар ұлттық ойынға айналған. Көкпар - әсіресе,

қазақтардың, Орта Азия халықтарының сүйікті ойыны. Бұл ойын - жаппай тартыс және дода тартыс болып екіге бөлінеді. 1949 жылы елімізде көкпар жарысының жаңа ережесі бекітілді. Әдетте, көкпарда басы кесілген серке тартылады.

5. **«Күміс ілу»** (жүзік ілу). Бұл ойын ептілікті, атқа жақсы отыруды та-лап етеді. Келін түсіру, қыз ұзату салта натында қалыңдық орамалға түйіп, өзінің күміс шолпысын, айтпесе жүзігін тастайды. Сондықтан да кей аймақта бұл ойынды «жүзік ілу» деп атайды. Қатты шауып келе жатқан шабандоз жігіт ат екінін бөсеңдетпеспен, әлгі орамалды іліп алып кетуі керек. Сонда оған беташар айтуға рұқсат беріледі. Осылайша қазақ жігіттері өзінің ептілігі мен шеберлігін «Күміс алу» сайысында дәлелдей білген. Бір таңданарлығы, Орта Азияға жорық кезінде Александр Македонскийдің халқымыздың жүзік алу сайысы ерекше таңғалдырған екен. Тарихшылардың айтуынша, Күміс алу ойынын көрген Македонский: «Атты жауынгер үшін қажетті нағыз дайындық міне - осы!» деп таң-тамаша болыпты.

6. **«Бәйге»**. Бұл жарыстың бірнеше түрі бар. Олар: аламан бәйге, тай жарыс, құнан бәйге, топ бәйге. Бәйге жарысы, негізінен, жазық жерлерде өткізіледі. Көмбеге алғаш озып келген шабандоз жеңімпаз атанып, сыйлыққа ие болады.

7. **«Асық ойыны»**. Бұл - балалардың ежелгі спорттық ойыны. Тақыр алаңға көлденеңінен тұзу сызық сызады да, соны бойлай тігілген кеңейді кезектесіп сакамен ату арқылы мергендік сынасады. Асық ойынының үш табан, бір табан, шығу, шеңбер секілді бірқатар түрлері бар. Ертеде қазақтың қыз-келіншектері де асық ойнаған. Олар ойнаған асық ойындары қора хан, құмар, т.б. аталған. Асықтың «Хан талапай», «Төрт асық», «Атпақыл», «Қақпақыл», «Омпы», «Са-сыр» секілді түрлері де бар.

8. **«Ақсүйек»**. Қыз-бозбалалар ойыны. Жазғы айлы түнде ойнаған. Әдетте, қойдың жілігі немесе жауырыны, жамбасы пайдаланылған. Ойын жүргізуші ойыншыларды екі топқа бөледі. Сөйтіп, алдын ала әзірленген сүйекке белгі салып алған соң, оны алысырақ барып лақтырады. Кейде екі топтың мүшелері кезектесіп те лақтырады. Ойынға қатысушылар ақсүйекті іздеп табуы тиіс. Ақсүйекті тапқан ойыншы ешкіме білдірмей, оны көмбеге жеткізуі тиіс. Ал мұны қарсыластары біліп қойса, қолма-қол тартып алуға тырысады. Сондықтан ақсүйекті тауып алған топтың ойыншылары біріне-бірі лақтырып, көмбеге қай топ бұрын жеткізе, сол топ жүлдегер атанады.

Қ. БЕЙСБАЕВ,
Ш. Уәлиханов ОМГ
дене шынықтыру
пән мұғалімі

ПОЖАРООПАСНЫЕ ПЕРИОДЫ



Пожароопасный период – это временная стадия, которая начинается с момента освобождения земли от снега и следов его таяния весной до момента выпадения стабильных осадков осенью. Сроки начала и окончания данной стадии определяются официальными документами уполномоченной формы государственных или территориальных образований Республики Казахстана.

Более официальное определение – это период в году со дня схода снежного покрова до установления устойчивой дождливой осенней погоды или образования снежного покрова в лесах и он устанавливается

субъектом РК на своей территории с определенного числа весной до определенного числа осенью.

Безопасность в пожароопасный период – ограничение поездок и нахождения в лесу (в том числе и пригородных зонах отдыха); запрет на бичачные костры; недопустимость поджигания таких субстанций, как мусор, высохшая растительность;

затягивание с чистой территорий от промасленной ветоши и другого легко воспламеняющегося мусора, недопустимость оставления такого мусора (в том числе, битого и целого стекла, так как это связано с фокусировкой лучей солнца) в лесу, парковых зонах;

проведение такого рода деятельности, как корчевка (с поджиганием) кустарников и деревьев;

использование пиротехнических средств и огнестрельного оружия с пыжами из пожароопасных материалов; выбрасывание незатухших окурков во время передвижения на транспорте по территории леса.

Ержан ЖЕКСЕНТАЙ,
Жетісу облысы Көксу орман шаруашылығының орман күтушісі

ДЕНСАУЛЫҒЫ САҚТАУ СТРАТЕГИЯСЫ – АУРУДЫҢ АЛДЫНА АЛУ



Халық денсаулығын сақтаудағы ең маңызды мәселелерді шешуге арналған ең басым бағыттар: дұрыс тамақтану, сапалы сумен жабдықтау, ана мен бала денсаулығын сақтау, иммундауды қамтамасыз ету, инфекциялық және инфекциялық емес аурулардың алдын алу.

Аурулардың бастапқы профилактика жүйесі денсаулық сақтау ұйымдарының ведомствоаралық өзара тығыз іс-қимылын көздейді және негізгі үш қағидаттан тұрады.

«Денсаулық және өмір сүру жағдайлары» деген бірінші қағидат –

дұрыс және қауіпсіз тамақтану, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету, қауіпсіз сумен жабдықтау негізінде ауыз судың кепілдік берілген сапасы.

«Саламатты өмір салты» деген екінші қағидат – зиянды әдеттерден бас тару, денешынықтыру мен спортты дамыту, темекі тартудың, алкогольдік және өртүрлі энергетикалық сусындарды пайдаланудың, наркотиктердің зияндығы туралы халыққа кеңінен ақпарат беру негізінде жеке гигиена ны сақтау, сондай-ақ инфекциялық аурулардың, әсіресе, әлеуметтік-экономикалық маңызы бар аурулар ретінде ВИЧ, туберкулез, жыныс жолдары арқылы берілетін инфекциялардың алдын алу шараларын сақтау.

«Алдын алу» деген үшінші қағидат

– тиісті еңбек жағдайларын жасау, халық арасында профилактикалық медициналық тексерулерді ұйымдастыру, кәсіптік аурулардың даму қаупі бар контингенттерді диспансеризациялау, халықты заманауи вакциналармен кеңінен иммундау.

Медициналық-санитарлық алғашқы жәрдем денсаулық сақтау жүйесінің басты бөлігі бола отырып, халық денсаулық көрсеткіштерін сапа жағынан жақсартуда басты рөл атқарады. Емдеу-профилактикалық ұйымдардың қызметіне, негізінен жеке профилактика шаралары, яғни профилактикалық тексерулер кезінде тұрғындардағы аурулардың ерте сатысын анықтау, диспансеризациялау, иммундау, халыққа ақпарат беруді арттыру кіреді.

Г.С. КАЛИЯКБЕРОВА,
ШЖҚ «Ескелді аудандық ауруханасы» МКК СӨСҚ кабинетінің маманы

О МЕРАХ ПОЖАРНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ В ПЕРИОД ПРОВЕДЕНИЯ ВЕСЕННИХ РАБОТ ПО ОЧИСТКЕ ТЕРРИТОРИИ

Отдел по чрезвычайным ситуациям Ескельдинского района ДЧС области Жетісу напомним о соблюдении элементарных правил пожарной безопасности:

1) запрещается разводить костры ближе 50 метров от зданий, строений, сооружений, а также лесов. По истечении надобности костёр должен быть тщательно засыпан землёй или залит водой;

2) очистите от сухой травы и мусора приусадебные и дачные участки, не бросайте в потушенные окурки и спички в траву, т.к. вызвав тление горючего материала, сам окурочек через некоторое время гаснет, но об-

разованный им очаг тления при благоприятных условиях может превратиться в пожар;

3) не сжигайте сухую траву, листья и мусор, собрав его, упакуйте в мешки и сложите их в специальные отведенных местах для дальнейшей утилизации;

4) в условиях устойчивой сухой, жаркой и ветреной погоды или при получении штормового предупреждения запрещается разведение костров, проведение пожароопасных работ, а также топка печей;

5) пресекайте детскую шалость с огнем, разъясните детям опасность огня;

б) рекомендуется у каждого жилого строения устанавливать ёмкость (бочку) с водой или иметь огнетушитель.

При появлении малейших признаков пожара (задымление или открытый огонь) об этом необходимо немедленно сообщать в органы гражданской защиты по телефону «101» или «112». Вызовы экстренных служб осуществляется без дополнительных символов, возможен при отрицательном балансе и даже при отсутствии в телефоне SIM-карты.

К. АШИМОВ,
Старший инженер ОЧС Ескельдинского района

ЗДОРОВЫЙ ОБРАЗ ЖИЗНИ

Здоровье – одна из самых главных и важнейших составляющих счастья, это драгоценность, дарованная человеку, которую он обязан беречь с детских лет, ведь здоровый человек формирует здоровую нацию, а с ней – здоровую планету.

Здоровый образ жизни для каждого человека процесс индивидуальный, обеспечивающий ему здоровое физическое, душевное и социальное благополучие в окружающем мире и долголетие. Ведение здорового образа жизни наилучшим образом сказывается на психических и физических процессах, что увеличивает продолжительность жизни.

Такой образ жизни помогает легко достичь целей, справиться с перегрузками и трудностями. Крепкое здоровье, поддерживаемое и укрепляемое самим человеком, позволит ему прожить долгую и полную радостей жизнь.

Питание

С пищей человек получает все нужные элементы, которые обеспечивают организм энергией, необходимой для роста и поддержания жизнедеятельности тканей. Необходимые организму питательные вещества подразделяются на шесть основных типов: углеводы, белки, жиры, витамины, минеральные элементы и вода. Правильно питаться – это значит получать с пищей в достаточном количестве и в правильном сочетании все, что требуется организму.

Правильное питание – это прежде всего разнообразное питание с учетом генетических особенностей человека, его возраста, физических

нагрузок, климатических и сезонных особенностей окружающей среды. Оно позволяет организму максимально реализовать его генетический потенциал, однако превзойти этот потенциал организм не в состоянии, как бы хорошо ни было организовано питание.

Активности
Для того чтобы обеспечить организму оптимальную двигательную активность, не обязательно быть спортсменом и изматывать себя тренировками. Иногда утренняя зарядка в течение 10-15 минут может обеспечить вам заряд бодрости на весь день. Для тех, кто работает в офисе и ведет малоподвижный образ жизни, рекомендуется больше ходить пешком, при возможности бегать по утрам. Можно заняться плаванием, йогой или танцами. При занятии такими упражнениями хотя бы 3 раза в неделю вы сможете держать свое тело в тонусе.

Сон
Крепкий сон – залог хорошего отдыха и восстановления. Оптимальная продолжительность сна человека должна составлять около 8 часов в сутки. Чрезмерный сон вредит вашему здоровью, а если сон недостаточный, то усталость накапливается, что приводит к истощению внутренних резервов организма. Поэтому оптимальное ежедневное количество часов сна способствует вашей долгой и здоровой жизни.

Ведите здоровый образ жизни!

Г. КАЛИЯКБЕРОВА
ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ
специалист кабинета ЗОЖ

ТАБИҒАТ АЯСЫНДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Жаз мезгілі басталғаннан, жазғы демалыс немесе еңбек демалысын таза ауада өткізу үшін суға шомылып, табиғатқа шығамыз. Табиғатта өрттің шығуына көбіне демалушылардың өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамауына және оттың абайсызда тұтануы себеп болады. Белгілі болғандай, өрт саны жазғы ыстық күндері әсіресе ұлғаяды. Шаруа қожалықтарының иелері оларға іргелес жатқан аумақты 4 метрден кем емес қашықтықта жырттып, өрт шыққан жағдайда алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықтауын қадағалау, өрт қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғаларды тағайындау және ТЖДайын болу қажет. Өкінішке орай, табиғатта демалатын кейбір адамдар өздерінің мінез-құлқымен табиғи байлықтарды жоғалту қауіпіне әкелуі мүмкін. Халық арасында «От-өшпесжау» деп бекер айтпайды. Осыған байланысты «отпен абай болыңыз!» Табиғатта немесе таулы жерлерде достарымен, отбасымен және балаларымен бірге құрғақ шөптің өршуі мүмкін екендігін және табиғатта, далада және тауларда өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау қажет екенін еске түсіріңіз, бұл арқылы сіз орман мен даланы өрттің туындауынан қорғай аласыз. Жиналған құрғақ шөп пен қоқысты елді мекеннен тыс жерге шығарыңыз. Көптеген адамдар қоқыстар мен құрғақ шөпті тұрғын үйлерге, ғимараттарға жақын аулаларда бақылаусыз өртейді, бұл жиі өрттер пайда болуына әкеледі.

Табиғатта жүріп, жүздеген ағаштармен қоса адамның да өмірін сақтап қалу үшін қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелерін ұмытпаған жөн.

Табиғат аясында өрт қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтасаңыз, еліміздің бай табиғатының қорғалуына қосқан үлесіңіз деп есептейміз.

Е. ТУЛЕНДИНОВ,
Ескелді ауданының
ТЖБ инженері

ПАВОДКИ

В регионе начинается период весеннего половодья (подъем воды от таяния снега и вскрытия рек), которое гидрологи прогнозируют заранее. В период половодья (март-май) вода, как правило, поднимается надолго.

Большинство наводнений удается прогнозировать и, тем самым, уменьшить потери.

Сложнее прогнозировать паводок – резкий и непродолжительный подъем воды из-за ливневых осадков. Паводкоопасный период длится дольше половодья, подтопления местности возможны на протяжении всего сезона дождей с апреля по сентябрь.

Несмотря на все меры, принимаемые исполнительными органами и службами гражданской защиты, каждый человек сам отвечает за свою жизнь и безопасность на водных объектах.

Люди, живущие вдоль берегов рек и в местности, попадающей в зону подтопления, должны знать и всегда помнить, если ваш дом попадает в зону возможного подтопления, то вам пред-



стоит эвакуироваться (временно покинуть дом). При получении прогноза о наводнении Вам необходимо: отключить газ, воду и электричество; погасить огонь в печах; перенести на верхние этажи (чердаки) ценные предметы и вещи; подготовить теплую удобную одежду, сапоги, одеяла, деньги и ценности; собрать трехдневный запас питания; подготовить аптечку первой помощи и лекарства, которыми вы обычно пользуетесь; завернуть в непромокаемый пакет паспорт и другие документы; всегда иметь под

рукой номер телефона единой дежурно-диспетчерской службы (ЕДДС)

Помните, что от умения правильно действовать в условиях чрезвычайной ситуации и умения правильно использовать полученную информацию зависит Ваша жизнь и жизнь Ваших близких. В случае возникновения чрезвычайной ситуации звоните по телефонам: «01», «101» или «112».

Н. ЖАКСЫБАЕВ,
Начальник ОЧС
Ескельдинского района

ПЕШКЕ САҚ БОЛАЙЫҚ!

Қыс мезгілінің аяқталуына таяу уақыт қалса да, ауданымыз үшін от жағу мерзімі мамыр айына дейін жалғасатыны белгілі. Сондықтан өрт сөндіру қызметкерлері аудан тұрғындарына пешіңізге сақ болып, пеш тұрбаларының бітеліп қалуын басты назарда ұстаңыздар деген қағиданы ескертеді.

Өрт көбіне бейқамдықтан, салғырттықтан, сақтық шараларын ескермеуден пайда болып, тұрмыстық заттарға ғана емес, адам өміріне де айтарлықтай зиян келтіріп жатады. Өрттің алдын алу – өз қолымызда. Сондықтан, уақытылы бері тынымсыз жанып келе жатқан пеш тұрбаларын күз мезгіліне тазалап, тексеріп қойыңыздар. Пештің уақытылы сыланбай, жарық-тесіктер болуы, пештің жанына отқа қауіпті заттар қойылуы өрттің пайда болуына себепші болады. Жеке меншік үй жайлардағы пештердің салынуына да аса мән беру керек. Пештердің дұрыс салынып, орналаспауынан да өрт пайда болып, бүкіл отбасыңызға қауіп төндіріуі сөзсіз.

Өртті болдырмай, алдын ала сақтық шараларын көріп, қарапайым ережелерді есте сақтаңыздар!

Е. Тулендинов,
Ескелді ауданы
ТЖБ инженері

ТӘРБИЕ ТАЛ БЕСІКТЕН БАСТАЛАДЫ

Заманға сай отбасында бала тәрбиелеу аса үлкен жауапкершілік пен білімді талап етеді. Қазақ үшін отбасынан киелі ештеңе жоқ. Өмірге келген нәрестеге ана махабаты мен кіршіксіз таза көңілі ауадай қажет. Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне бәрінен отбасының есері мол. Отбасының ең маңызды қызметтерінің бірі – тәрбие беру.

Тәрбие тал бесіктен басталады. Баланы бесіктен тәрбиелеу қажет. Баланы бесікке салу дәстүрі балаңыз жетіліп, өсуіне септігін тигізеді. Ата-бабамыздан қалған мұраны одан әрі жалғастыру біздің еншімізде. Баланы бесікке саларда ауылдың аса құрметті анасы таңдап алынады. Көп бала өсіріп, тәрбиелеп ардақты анаға жас сәбиді бесікке салу рәсімі сеніп тапсырылады. Осылайша, қазақ халқы жас сәбиге асыл аналардың жолын берсін деген ниетпен ырымдаған. Бесікке жатқан бала дені сау, ұйқысы тыныш, дүниетанымы кең, өмірге құштар болып өседі. Тілі де ерте шығып, балабақшаға барғанда қатарластарынан оқ бойы озық тұрады. Олай болуы орынды да. Өйткені, бесікте жатқан бала ана әлдиімен ұйықтап, ана әлдиімен оянады. Бала бесікте жатып әуезді әнді тыңдап қана қоймайды, бала қоршаған ортамен қарым-қатынаса түседі. Айналаны бағдарлайды, өмір сүру қағидаларымен танысады, ата-анасын, атасы мен апасын, бауырларын таниды. Олармен тілдесуді бастайды. Алғашқы айлардан бастап – ақ бала жекелеген буындарды айтып сөйлей бастайды. Анасын еркелеткені кейіген сәттерін ажырата алады. Өкесінің жұмыстан келіп, құшағына алған сәттердің бәрі бала зердесінен өтеді. Уақыт келе, бала өскен сайын, көп нәрсені үйренуге айналады, құбылыстарға зер сала бастайды. Баланы бесікке салып, өсіру аналарға көп көмек. Кейде ана бар шаруаға үлгере алмай жататыны бар. Жас баланы тамақтандырып, бесікке салып қойып, әлдилей отырып, тамақ әзірлеуге уақыт табуға болады. Дер кезінде қажетті істерді атқарып қойып, сәбімен ұзақ тілдесуді дағдыға айналдырған жөн.

Талғат Әбілмансұр

HAбарландыру

Назар аударыңыз! 2024 жылы сәуір айының 08-19 күндері аралығында, Қарабулақ ауылы (Қаратал өзенінің жағалауы, орталық алаң және саябақ), Сырымбетауылы (ауылдың сыртындағы таулы аймақтарда), Алдабергенов ауылы (стадион, орталық саябақ, ескерткіш маңы), Көкжазық ауылы (ашық демалыс аймағы) кене энцефалитіне қарсы профилактикалық өңдеу жұмыстары жүргізіледі. 45 күнге дейін мал жаюға, саңырауқұлақ жинауға, көкке шығуға тыйым салынады.

Т.О.АБУЛОВ

ҚР ДСМ СЭББ «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Жетісу облысы бойынша филиалының Ескелді аудандық бөлімшесінің зертхана меңгерушісі

Внимание! В населенных пунктах Карабулак (лесопосадка вдоль реки Каратал, площадь и центральный парк), Сырымбет (предгорная местность за населенным пунктом), с.Алдабергенова (стадион, центральный парк возле памятника, стадион в с.Жастар), с.Кокжазык (открытая зона отдыха) с 08-19 апреля 2024 года будет проводиться профилактическая дезинсекция по борьбе с клещами.

В связи с этим, жителям выше указанных населенных пунктов в преддверии в течении 45 дней с момента проведения обработки выпас скота, отдых на природе и сбор грибов.

Т.О.АБУЛОВ

Заведующий лаборатории Ескельдинского районного отделения Филиала РГП на ПХВ «Национальный центр экспертизы» КСЭК МЗ РК по области Жетісу

Аудан тұрғындарының назарына кедейшілік шегі 2024ж. 2тоқсанына Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі «ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСІНІҢ» № 224-VII кодексінің 11 бөлімінің 120 бабы 4 тармағына сәйкес, Жетісу облысы бойынша 2024 жылдың 2 тоқсанында ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы 46780 теңгені құрайды, осыған сәйкес, кедейлік шегі 32746 теңге (46780x70%) мөлшерінде анықталды.

А.БЕЙСБАЕВ

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама бөлім басшысы

Черта бедности на 2 квартал 2024г. к сведению населения

В соответствии с «СОЦИАЛЬНЫМ КОДЕКСОМ» Республики Казахстан от 20 апреля 2023 года № 224-VII ЗРК. Глава 11, статьи 120 пункта 4 - прожиточный минимум по области Жетісу на 2 квартал 2024 год составил 46780 тенге, черта бедности определена в размере 32746 (46780x70%).

А.БЕЙСБАЕВ

Руководитель районного отдела занятости и социальных программ

Газета «Жетісу шұғыласы» объявляет о начале подписной компании на 2024 год!

Наш ИНДЕКС:

Физ.лицо - 65535 Юр.лицо - 15535

Сумма подписки:

Физ.лицо:

6 мес. - 2 284,80 тг год - 4 569,60 тг

Юр.лицо:

6 мес. - 2947,80 тг год - 5 895,60 тг

ПОДПИШИСЬ НА НАС!

Подписчикам при публикации предоставляются скидки!

Наш электронный адрес:

eskeldi_eli@mail.ru

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БАСҚАРМАСЫ «ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ» ГРАНТЫНА КОНКУРС БАСТАЛҒАНЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ

«ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ»
ГРАНТЫНА ӨТІМ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ
02.04 - 02.06

TAUELSIZDIK_JETISY@MAIL.RU +7 (7282) 404 - 404

2024 жылы «Тәуелсіздік ұрпақтары» бойынша 3 млн. теңгеден 10 грант берілетін болады.

Мақсат – белсенді шығармашыл жастар қауымдастығын қалыптастыруға бағытталған жастардың жаңа және қолданыстағы бастамаларын мемлекет тарапынан қолдау.

Конкурсқа облыстың 14 жастан бастап, 35 жасқа дейінгі Жетісу

облысының азаматтары үміткер бола алады.

Гранттар 5 бағыт бойынша беріледі:

1) «Ғылым» – ғылымның басым секторларында жаңа ғылыми жобаларды және зерттеулерді іске асыруға арналған;

2) «Мәдениет» – Қазақстанның мәдени мұрасын таңымал етуге, халықтық мәдени дәстүрлер мен өнерді ілгерілетуге бағытталған жобаларды іске асыруға арналған;

3) «Ақпараттық технологиялар» – жаңа IT шешімдер мен жобаларды, оның ішінде жаңадан басталған стартап жобаларды іске асыруға және әзірлеуге арналған;

4) «Бизнес» – экономиканың басым секторларында жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған;

5) «Медиа» – жаңа медиа жобаларды, оның ішінде жастар үшін танымдық, пайдалы, қызықты контент құру жөніндегі жобаларды іске асыруға арналған.

Үміткерлердің конкурстық өтінімдері 2 сәуір мен 2 маусым аралығында электронды нұсқада tauelsizdik_jetisy@mail.ru пошта-сына қабылданады.

Қосымша ақпарат пен сұрақтар туындаған жағдайда, байланыс телефоны: 8 (7282) 404-404 (сағат 9.00.-18.00. дейін)

Конкурстық өтінімдер мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде қабылданады және:

1) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурстық өтінім;

2) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаның сипаттамасы;

3) жоба бойынша (60 секундтан аспайтын) бейнематериал немесе (10 слайдтан аспайтын) презентация;

4) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шығындар сметасының жобасы;

5) PDF форматындағы зияткерлік меншік туралы мәліметтер (бар болса);

6) PDF форматындағы жеке куәлік немесе туу туралы куәліктің көшірмесі болуы тиіс.

ДАЛА ӨРТІНЕ САҚ БОЛАЙЫҚ

Қоршаған орта өртеніп жатса – қорқынышты әрі қауіпті! Әсіресе, орман алқабы мен далалық өрттер.

Сөндірілмеген от, құрғақ шөптер немесе жапырақтарға тасталған сіріңке осындай өрттердің шығуының себебі болып табылады.

Мұндай өрт ошағы елді мекендерде ондаған және жүздеген қашықтықта орын алуы мүмкін болғандықтан, оның таралу, жану ауқымы үлкен көлемді құрайды.

Табиғат аясында өрттерге жол бермеу мақсатында тыйым салынады:

- орман, тоғай және дала алқаптарында сөндірілмеген отты қараусыз қалдыруға, темекі тұқылын немесе шала бықсыған шүберектерді тастауға;

- қалыңнуарасында, ағаштардың түбіне, егін алқаптарына, ағаш қоймаларының маңына от жағуға;

- орман, тоғай және дала алқаптарына өздігінен өртенетін заттарды, атап айтқанда: жанармай сіңген шүберектерді, шыны ыдысды тастауға болмайды. Себебі бұл заттар күннің күйімен тез қызып, өрттің шығуына әкеліп соғады;

- орман алқабында, саяжайларда құрғақ шөптерді өртеуге;

- қамыстарды жағуға;

- желді күндері от жағып, оны қараусыз қалдыруға;

- тұрақтан кеткен соң жанып тұрған отты қараусыз қалдыруға тыйым салынады;

Табиғи өрттің орын алуын байқағанда, мүмкіндігінше адамдарды жинап өртті сөндіруге тырысыңыз. Егер өртті дер

кезінде сөндіру мүмкін болмаса, дереу қауіпсіз жерге кетуіңіз керек.

Міндетті түрде өрт сөндіру қызметінің 101, 112 нөміріне немесе орман шаруашылығы қызметіне хабарласып өрттің нақты шығу орнын айтуыңыз қажет.

Осындай ауқымды өрт кезінде жол бойына, орманның шетіне немесе орман шетіндегі жыртылған жерлерге, су қоймасы бар аймаққа шығыңыз.

Егер өртеніп жатқан аймақтан шығу мүмкін болмаса, түтіннен түншығып уланып қалмас үшін киімді сумен ылғылдап, тыныс алу мүшеңізді бітеңіз.

А. БАЙЧАПАНОВ,

КӨКСУ ОРМАНШЫЛЫҒЫ,
ОРМАН ШЕБЕРІ

Управление общественного развития области Жетісу объявляет о начале конкурса по присуждению гранта «Тәуелсіздік ұрпақтары».

В 2024 году будут присуждены 10 грантов по 3 млн. тенге на каждый грант.

Целью присуждения гранта является государственная поддержка новых и действующих инициатив молодых людей, направленных на формирование сообщества активной творческой молодежи.

На присуждение гранта претендуют граждане области Жетісу от 14 до 35 лет на момент окончания приема конкурсных заявок, подавший конкурсную заявку на участие в конкурсе.

Гранты присуждаются на конкурсной основе для реализации новых идей и инициатив гражданам по 5-ти направлениям:

1) «Наука» - для реализации новых научных проектов и исследований в приоритетных секторах науки;

2) «Культура» - для реализации проектов, направленных на популяризацию культурного наследия Казахстана, продвижение народных культурных традиций и искусства;

3) «Информационные технологии» - для реализации и разработки новых IT-решений и проектов, в том числе начинающих стартап-проектов;

4) «Бизнес» - для реализации новых бизнес-идей в приоритетных секторах экономики;

5) «Медиа» - для реализации новых медиа-проектов, в том числе проектов по созданию познавательного, полезного, интересного контента для молодежи.

Конкурсные заявки принимаются со 2 апреля по 2 июня текущего года в электронном варианте на электронную почту tauelsizdik_jetisy@mail.ru

Контактные данные: 8 (7282) 404-404 (с 9.00 до 18.00)

Конкурсные заявки принимаются на государственном и (или) русском языках и должны содержать:

- конкурсную заявку по форме согласно приложению 1;

- описание проекта по форме согласно приложению 2;

НАЧАЛСЯ ПРИЕМ ЗАЯВОК НА ГРАНТ
«ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ»
02.04 - 02.06

TAUELSIZDIK_JETISY@MAIL.RU +7 (7282) 404 - 404

- видео (не более 60 секунд) или презентацию проекта (не более 10 слайдов);

- проект сметы расходов по форме согласно приложению 3;

- сведения об интеллектуальной собственности (PDF формат, (при наличии));

- копию удостоверения личности или свидетельство о рождении (PDF формат).

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы
НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистративное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабулақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1350 Тираж 1350 Тапсырыс 369 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНКЫЗЫ